

"Шет мемлекеттің аумағында консулдық әрекеттер жасағаны үшін консулдық алым мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Сыртқы істер министрінің 2010 жылғы 14 шілдедегі № 08-1-1-1/249 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2017 жылғы 3 қарашадағы № 11-1-2/508 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 3 қарашада № 15972 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2019 жылғы 20 мамырдағы № 11-1-4/227 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Сыртқы істер министрінің 20.05.2019 № 11-1-4/227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Шет мемлекеттің аумағында консулдық әрекеттер жасағаны үшін консулдық алым мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Сыртқы істер министрінің 2010 жылғы 14 шілдедегі № 08-1-1-1/249 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6372 тіркелді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес шет мемлекеттің аумағында консулдық әрекеттер жасағаны үшін консулдық алым мөлшерлемелері бекітілсін .";

көрсетілген бұйрықтың 1-55-қосымшалары осы бұйрықтың қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаменті заңнама белгілеген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қағаз және электрондық түрде оның қазақ және орыс тілдерінде көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық

бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынға жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн мерзім ішінде оның көшірмелерін баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін осы тармақтың 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Құқықтық сараптама басқармасына ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары М.Б. Тілеубердіге жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрі

Қ. Әбдірахманов

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрінің
2017 жылғы 3 қарашадағы
№ 11-1-2/508
бұйрығына
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік хатшысы -
Сыртқы істер министрінің
2010 жылғы 14 шілдедегі
№ 08-1-1-1/249 бұйрығына

Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерде алынатын консулдық алым мөлшерлемелерінің базалық ең төмен және ең жоғары мөлшерлері

1. Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттарын ресімдеуді қоспағанда, Қазақстан Республикасы азаматының паспортын ресімдеу					
1.	Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттарын ресімдеуді қоспағанда, Қазақстан Республикасы азаматының паспортын ресімдеу	40 АҚШ доллары	35 еуро	30 ағылшын фунт стерлингi	4 0 швейцар франкі
2.	Қазақстан Республикасы азаматының паспортына ата-аналарымен бірге шетелге шыққан жағдайларда он алты жасқа дейінгі балалар туралы фото суреттері жапсырылған жазбаны енгізу	20 АҚШ доллары	15 еуро	15 ағылшын фунт стерлингi	2 0 швейцар франкі
2. Қазақстан Республикасының визаларын беру					

3.	Шетелдік дипломатиялық өкілдікке немесе консулдық мекемеге виза беру туралы нотаны әзірлеу және басып шығару	25 АҚШ доллары	20 еуро	20 ағылшын фунт стерлингi	2 5 швейцар франкі
4.	Бір мәртелік виза (туристік және транзиттік визалардан басқа)	80 АҚШ доллары	75 еуро	75 ағылшын фунт стерлингi	8 0 швейцар франкі
5.	Көп мәртелік виза	бір жылға дейін - 200 АҚШ доллары екі жылға дейін - 400 АҚШ доллары үш жылға дейін - 600 АҚШ доллары төрт жылға дейін - 800 АҚШ доллары бес жылға дейін - 1000 АҚШ доллары	бір жылға дейін - 170 еуро екі жылға дейін - 330 еуро үш жылға дейін - 450 еуро төрт жылға дейін - 600 еуро бес жылға дейін - 850 еуро	бір жылға дейін - 170 ағылшын фунт стерлингi екі жылға дейін - 330 ағылшын фунт стерлингi үш жылға дейін - 450 ағылшын фунт стерлингi төрт жылға дейін - 600 ағылшын фунт стерлингi бес жылға дейін - 850 ағылшын фунт стерлингi	бір жылға дейін - 2 0 0 швейцар франкі екі жылға дейін - 4 0 0 швейцар франкі үш жылға дейін - 6 0 0 швейцар франкі төрт жылға дейін - 8 0 0 швейцар франкі бес жылға дейін - 1 0 0 0 швейцар франкі
6.	Туристік виза:				
	бір мәртелік виза	60 АҚШ доллары	50 еуро	50 ағылшын фунт стерлингi	6 0 швейцар франкі
	көп мәртелік виза	90 АҚШ доллары	80 еуро	80 ағылшын фунт стерлингi	9 0 швейцар франкі
7.	Транзиттік виза: бір мәртелік	20 АҚШ доллары	15 еуро	15 ағылшын фунт стерлингi	2 0 швейцар франкі
	көп мәртелік	90 АҚШ доллары	80 еуро	80 ағылшын фунт стерлингi	9 0 швейцар франкі
8.	Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келу және отбасымен бірігу туралы қолдау хатын ресімдеу	100 АҚШ доллары	90 еуро	90 ағылшын фунт стерлингi	1 0 0 швейцар франкі
3. Қазақстан Республикасына қайтып оралуға арналған куәлікті беру					

9.	Қазақстан Республикасына қайтып оралуға арналған куәлікті беру	10 АҚШ доллары	10 еуро	10 ағылшын фунт стерлингi	1 0 швейцар франкі
4. Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелде тұру мәселелері бойынша қолдау хаттарды ресімдеу					
10.	Шетелге жеке ісі бойынша барған Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелде тұрақты тұруға қалу туралы қолдау хаттарын ресімдеу	140 АҚШ доллары	120 еуро	1 2 0 ағылшын фунт стерлингi	1 4 0 швейцар франкі
5. Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөніндегі құжаттарды ресімдеу					
11.	Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және азаматтығын қалпына келтіру туралы қолдау хатты ресімдеу	100 АҚШ доллары	90 еуро	90 ағылшын фунт стерлингi	1 0 0 швейцар франкі
12.	Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы қолдау хатты ресімдеу	150 АҚШ доллары	120 еуро	1 2 0 ағылшын фунт стерлингi	1 5 0 швейцар франкі
6. Азаматтық хал актілерін тіркеу					
13.	Тууды, әкеболуды анықтауды, бала асырапалуды тіркеу және тиісті куәліктер беру	25 АҚШ доллары	20 еуро	20 ағылшын фунт стерлингi	2 5 швейцар франкі
14.	Неке қиюды тіркеу және неке туралы куәлік беру	35 АҚШ доллары	30 еуро	30 ағылшын фунт стерлингi	3 5 швейцар франкі
15.	Неке бұзуды тіркеу және неке бұзу туралы куәлік беру	45 АҚШ доллары	40 еуро	40 ағылшын фунт стерлингi	4 5 швейцар франкі
16.	Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз кетіп немесе әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдармен не қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығын анайыруға сотталған адамдармен некебұзуды тіркеу	25 АҚШ доллары	20 еуро	20 ағылшын фунт стерлингi	2 5 швейцар франкі
17.	Некеге отыруға (ерлі-зайыпты болу) және ұлтын өзгертуге байланысты жағдайлардан басқа, атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды тіркеу, оның ішінде тиісті куәліктерді беру, сондай-ақ қажетті материалдарды ресімдеу.	100 АҚШ доллары	70 еуро	65 ағылшын фунт стерлингi	1 1 0 швейцар франкі
18.	Азаматтық хал актілері жазбаларының өзгеруі, толықтырылуы, түзетілуі және қалпына келтірілуімен байланысты құжаттарды ресімдеу	25 АҚШ доллары	20 еуро	20 ағылшын фунт стерлингi	2 5 швейцар франкі
7. Құжаттарды талап ету					
19.	Құжаттарды талап ету (әрбір құжат үшін)	30 АҚШ доллары	25 еуро	25 ағылшын фунт стерлингi	3 0 швейцар франкі
8. Құжаттарды заңдастыру, сондай-ақ апостиль қою үшін құжаттарды қабылдау және одан әрі жолдау					
20.	Құжаттарды заңдастыру (әр бір құжат үшін)	35 АҚШ доллары	30 еуро	30 ағылшын фунт стерлингi	3 5 швейцар франкі

21	Апостиль қою үшін құжаттарды қабылдау және оданәрі жолдау (әр бір құжат үшін)	35 АҚШ доллары	30 еуро	30 ағылшын фунт стерлингi	3 5 швейцар франкі
9. Нотариаттық іс-әрекеттер жасау					
22	Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүлікті иеліктен алу туралы шарттардан басқа мәмілелерді куәландыру	50 АҚШ доллары	45 еуро	40 ағылшын фунт стерлингi	5 0 швейцар франкі
23	Мұраға құқық туралы куәліктер беру	50 АҚШ доллары	45 еуро	45 ағылшын фунт стерлингi	5 0 швейцар франкі
24	Ерлі-зайыптылар мен ортақ бірлескен меншік құқығындағы мүлкі бар өзгеде адамдардың ортақ мүліктегі үлеске меншік құқығы туралы куәліктер беру	50 АҚШ доллары	45 еуро	45 ағылшын фунт стерлингi	5 0 швейцар франкі
25	Құжаттардың көшірмелері мен олардан алынған үзінділердің дұрыстығын куәландыру	30 АҚШ доллары	25 еуро	25 ағылшын фунт стерлингi	3 0 швейцар франкі
26	Құжаттарға қойылған қолдың түпнұсқалығын куәландырады (әр бір құжат үшін)	30 АҚШ доллары	25 еуро	25 ағылшын фунт стерлингi	3 0 швейцар франкі
27	Құжаттардың бір тілден екінші тілге аудармасының дұрыстығын куәландыру	40 АҚШ доллары	35 еуро	35 ағылшын фунт стерлингi	4 0 швейцар франкі
28	Азаматтың тірі екендігі фактісін куәландыру	25 АҚШ доллары	20 еуро	20 ағылшын фунт стерлингi	2 5 швейцар франкі
29	Азаматтың белгілі бір жерде болу фактісін куәландыру	25 АҚШ доллары	20 еуро	20 ағылшын фунт стерлингi	2 5 швейцар франкі
30	Құжаттар берілген уақытты куәландыру	25 АҚШ доллары	20 еуро	20 ағылшын фунт стерлингi	2 5 швейцар франкі
31	Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін басқа жеке және заңды тұлғаларға беру	30 АҚШ доллары	25 еуро	25 ағылшын фунт стерлингi	3 0 швейцар франкі
32	Дәлелдемелерді қамтамасыз ету	30 АҚШ доллары	25 еуро	25 ағылшын фунт стерлингi	3 0 швейцар франкі
10. Консулдық мекемеде өсиет қағазын, құжаттар салынған пакетті (өсиеттен басқа), ақшаны, бағалы қағаздарды және басқада құндылықтарды (мұрагерліктен басқа) сақтау					
33	Өсиет хатты консулдық мекемелерде сақтау	50 АҚШ доллары	45 еуро	45 ағылшын фунт стерлингi	5 0 швейцар франкі
34	Консулдық мекемеде өсиетхаттан басқа құжаттар пакетін сақтау (айына)	20 АҚШ доллары	15 еуро	15 ағылшын фунт стерлингi	2 0 швейцар франкі
35	Мұраға қалдырылған дардықоспағанда, ақшаны, бағалы қағаздарды сақтау (ай сайын)	жалпы соманың 0,2%-ы	жалпы соманың 0,2%-ы	жалпы соманың 0,2%-ы	жалпы соманың 0,2%-ы
11. Көпшілік сауда-саттықта тауарлар немесе өзгеде мүлік сату					

36	Көпшілік сауда-саттықта тауарлар немесе өзге де мүлік сату	түскен соманың 1%-ы, бірақ 60 АҚШ долларынан кем емес	түскен соманың 1%-ы, бірақ 45 еуродан кем емес	түскен соманың 1%-ы, бірақ 40 ағылшын фунт стерлингтен кем емес	түскен соманың 1%-ы, бірақ 65 швейцар франктен кем емес
12. Алты айға дейінгі мерзімге мүлікті немесе ақша сомаларын тиесілігі бойынша беру үшін депозитке қабылдау					
37	Алты айға дейінгі мерзімге мүлікті немесе ақша сомаларын тиесілігі бойынша беру үшін депозитке қабылдау (ай сайын)	жалпы соманың 0,2%-ы	жалпы соманың 0,2%-ы	жалпы соманың 0,2%-ы	жалпы соманың 0,2%-ы
13. Заңды тұлғалардың мекен-жайына дипломатиялық пошта арқылы құжаттар жіберу					
38	Заңды тұлғалардың мекен-жайына дипломатиялық пошта арқылы құжаттар жіберу	65 АҚШ доллары	60 еуро	60 ағылшын фунт стерлинг	65 швейцар франкі
14. Кемешетелден сатып алынған жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туыстыңда жүзу құқығына уақытша куәлік беру					
39	Кеме шетелден сатып алынған жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы астында жүзу құқығына уақытша куәлік беру	50 АҚШ доллары	45 еуро	45 ағылшын фунт стерлинг	50 швейцар франкі
15. Қазақстан Республикасының кемелеріне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген кез келген декларацияны немесе басқа да құжатты жасау немесе куәландыру					
40	Қазақстан Республикасының кемелеріне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген кезкелген декларацияны немесе басқада құжатты жасау немесе куәландыру	60 АҚШ доллары	55 еуро	55 ағылшын фунт стерлинг	60 швейцар франкі
16. Шетелдегі Қазақстан Республикасы кемесінің немесе жүгінің опат болуы немесе зақымдануы (кемелердің кеме апатына ұшырауы) жағдайында теңіз наразылығы туралы акт жасау					
41	Шетелдегі Қазақстан Республикасы кемесінің немесе жүгінің опат болуы немесе зақымдануы (кемелердің кеме апаты наұшырауы) жағдайында теңіз наразылығы туралы акт жасау	60 АҚШ доллары	55 еуро	55 ағылшын фунт стерлинг	60 швейцар франкі
17. Заңдық мәні бар басқада құжаттар (анықтамалар) беру					
42	Заңдық мәні бар өзге де құжаттар (анықтамалар) беру	50 АҚШ доллары	45 еуро	45 ағылшын фунт стерлинг	50 швейцар франкі